

Мауленов А.А.

Ш.АЙТМАТОВТЫҢ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ТҮРКІЛІК МИФОЛОГИЯНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

Мауленов А.А.

ТРАНСФОРМАЦИЯ ТЮРКСКОЙ МИФОЛОГИИ В ПОВЕСТЯХ Ч. АЙТМАТОВА

A.A. Maulenov

STORY TURKIC MYTHOLOGICAL TRANSFORMATION OF CHYNGYZ AITMATOV

УДК: 434.2 (575.2) (043.3)

Литература в XX веке внесла свои коррективы в миропонимание человека. Синтез мифологии и реализма в современном мире стал неотъемлемой частью культуры. В модернизме человек - жертва невиданных злых сил, это определяет его судьбу. Человек живет в мире тайны его сознание впитало infernalность окружающего мира. Современные писатели этого периода использовали традиционные мифологические сюжеты и образы без особой интерпретации их в угоду коммунистической идеологии.

Ключевые слова: психологические коллизии, мировая литература, коричневый портфель, Мать олениха, Иссык-Куль, тотемические понятия, моральные основы, трагедия, мифический персонаж.

The literature of the twentieth century brought about changes in the outlook of humanity. Synthesis of mythology and realism in the modern world has become an integral part of the culture. In modernism person - the victim of unseen evil forces, it determines its fate. Man lives in a world of secrets of his mind absorbed infernality the world. Contemporary writers of this period used traditional mythological themes and images without special interpretation of them in favor of the communist ideology.

Key words: psychological conflicts, world literature, a brown briefcase, Mother deer, Issyk-Kul, totemic concept of moral foundation, a tragedy, a mythical character.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін даналықпен шебер игерген, оны әлем жұртшылығы оқырмандарына танытқан қаламгер Ш.Айтматов шығармашылығы ерекше құбылыс екендігі ақиқат.

Қырғыз әдебиеті, одан қала берсе әлем әдебиетінде өшпес із қалдырған Ш.Айтматовтың шығармашылығындағы мифтік – аңыздық сюжеттердің ерекшелігіне жан – жақты зерделей зерттеп ғылыми пікірлер айтқан әдебиет, өнер зерттеушілері аз емес.

Ш.Айтматовтың “Ақ кеме” повесі кезінде Одақ көлеміне ғана емес, сонымен қатар алыс шетел оқырмандарына да кеңінен таныс болды. Бұл повест тек көркемдік – эстетикалық қана емес, сондай-ақ терең философиялық, моралдық негіздердің арналарына жол салған шығарма еді.

Осы повестегі бала көзімен баяндалар мифтер мен ертегілер тек қырғыз халқының басындағы трагедияны ғана емес, жазушы оны жалпы адамзат баласына ортақ проблема екенін көрсете білді.

“Ақ кеме” повесіндегі кішкене ғана баланың басынан кешкен ауыр трагедиялық халі, үлкендерге

ой салар, жанындағы жүрген адамдарға жақсылық жасаудың не екендігін ұққызып кетер өте ауыр, қорғасындай салмақты ойлар туғызады. Повесте бала қуанышы мен бала қайғысы қатар өріліп, терең психологиялық тартыстарға дейін жеткізіледі. Баланың таза, мөлдір, пәк сезімдері оның қиял – ғажайып ертегілік армандарымен қатар өріліп сол бала әлеміне бірге шомып еріп отырсыз.

Әсіресе баланың мектепке барардағы атасы Момынның соңғы тыққан ақшасына қоңыр портфель алып берер сәті, бала қуанышымен астасып бүкіл әлем, сол бір шағын орман қорықшылар ауылымен ғажап бір күйге түседі. Ол қуанышын бала өзінің ертегілік әлеміндегі “Түйе”, “қасқыр”, “танк”, “ертеулі ат” секілді жартастастарына, өзен жағасында өскен бұта шөптерге шейін жеткізеді. Аз ғана қуаныш бүкіл әлемді толтырып кеткендей. Жазушы шеберлігі де осында.

“Ақ кеме” повесіндегі айырықша роль атқарып тұрған миф “Бұғы ана” ертегісі. “Бұғы ана” туралы миф қырғыз халқының ұлттық дүние танымын танытатын дүние.

Автор осы бір халықтық миф арқылы повестің көркемдік қуатын мейлінше арттыра түскен. Бұл ғажапып ертегіні балаға атасы Момын әбден құлағына құйып өсірген. Бір халықтың шығу тегін әлдебір аң мен жануарға немесе құсқа телу әлемінің көптеген халықтарына тән қасиет. Тотемдік ұғым бойынша әр тайпаның, әр рудың, әр бір құбылыстың бір жаратушысы болады. Яғни әр бір тайпа, ру өз алдына белгілі бір нәрседен пайда болған деген наным – сенімі болған. Алғашқы кезде ол символдық нышан негізде болса, кейіннен сол аңды немесе жануарды сыйынатын піріне айналдырған. Оған сыйынып, медет сұрап етін де жемейтін болған.

“Ақ кеме” повесіндегі “Бұғы ана” туралы мифте бір халықтың сол тарихи әлеуметтік дәуірінен ұрпақтан – ұрпаққа ауызша айтылып жеткен ғажап бір тотемдік мифі. “Бұғы ана” мифінен қырғыз халқының бір кездері Енесай өзен аңғарын жайлағандығын, күшті де жауынгер ел болғандығын көреміз.

Повесте Енесай туралы мынандай өлең жолдары бар:

Сенен де кең су бар ма екен, Енесай,
Сенен де өткен жер барма екен, Енесай,
Сенен де терең мұң барма екен, Енесай,
Сенен де еркін ел барма екен, Енесай.

Сенен өткөн су болмайды , Енесай,
 Сенен әсем жер болмайды , Енесай,
 Сенен терең мұң болмайды , Енесай,
 Сенен еркін ел болмайды , Енесай (1.-2002б).

Осы Енесай өзенінің бойын түрлі тайпа , ел жайлаған. Бәрі де жерге, жайылымға, суға таласады, бір-бірімен аяусыз соғысады. Адам адамға аяушылық жасамайтын заман екен. Күндердің бір күнінде қырғыздардың белгілі қас батыры, ақсақалы Құлше батыры қайтыс болады. Бүкіл ел арулап, ақтық сапарға шығарып салуда, бейқам жатқан қырғыздарды жаулары шауып, түгелімен қырып жояды. Тек қана ұрланып орманға жидек теруге кеткен бір ұл мен қыз бала ғана аман қалады. Осы екеуін “Бұғы ана” асырап, Ыстықкөлге аман жеткізеді. Осы екеуінен өрбіген ұрпақты “Бұғы ана” ұрпағы деп айтады екен. Ормандағы бұғыларды “Бұғы ана” ұрпақтары қадір тұтып атпайды.

Өйткені “Бұғы ана” олардың алғашқы сәбиіне бөгендігіне қоңырау тағылған ақ қайыңнан жасалған бесік сыйлайды. Ол салт Ыстықкөл жағасында тұратын қырғыздарда сақталып қалған. Осы мифте қыз бен ұлды алып қалатын “Ақсақ кемпір” суреттеледі. Көптеген ертегілерде кемпірлер: мыстан кемпір, жалмауыз кемпір және т.б. болып жағымсыз, зұлым болып көрсетіледі. Ал осы мифте “Ақсақ кемпір” екі баланың аман қалуының басты себепкері болады.

Арғықазақ мифологиясын зерттуші С.Қондыбайдың пікіріне сүйенер болсақ ; Ертегілік – эпостық кемпірлерге берілген “жақсы – жаман” деген этикалық бағам – мифтік кемпірдің бейнесін реконструкциялауда маңызды емес, өйткені мифтік бейне – екі ұдайлы, яғни жақсы да, жаман да болуы мүмкін (3 кітап, 2-67 б.).

“Бұғы ана” мифіндегі Ақсақ кемпірді де жақсы, жаман деп атай алмаймыз. Себебі алғашқы кезде екі сәбиді өлтіруге бел шеше кіріссе, кейіннен екі сәбидің өмір сүруіне жол ашады. Бұл жерде Ақсақ кемпір сол рудың қамқоршысы , Ұлы анасы болуы мүмкін немесе сол қырғыздарды шапқан ханның шешесі де болу мүмкін. Бұл жерде оның нақты қай ортадан шыққандығы айтылмай қалып отыр.

Адамзаттың нәпсісін бұзатын не нәрсе десек: ол өтірік мақтау сөз, менмендік, есерсоқтық пен алыпсатарлық . Бұлар бар жерде адалдық, әділдік дегендерге орын қалмайды. Енді “Бұғы анадан” өсіп - өрбіген ұрпақ Ыстықкөл орманындағы бұғыларды шетінен атып қыра бастайды. Марал атаулыдан тігерге тұяқ қалмайды. “Бұғы ана” өзінің аз ғана төлін ертіп Ыстықкөлмен біржола қош айтысып, кете барады. Жазушының осы келтірген “Бұғы ана” туралы мифінде кешегі мен бүгінгі адам баласының өз табиғат анасына істеген зұлмат істерін баяндалғандығын анық көреміз.

Осының барлығын жазушы бейкүнә сәби, періште бала жүрегімен жеткізеді. Әлі өмірден еш нәрсе көрмеген, ой санасы таза сәби бала повестің соңында өз дүниесіне аттанады.

Мифологиялық зерттеулерде адам баласы қиналған, жабырқап, өмірден түңілген сәттерінде басқа бір мақұлатқа, басқа бір аңға айналғысы келетінін

білеміз. “Ақ кеме” повесіндегі бала балыққа айналғысы келеді. Айналасындағы орын алған әділетсіздіктен, абыройсыздықтан тек осылай ғана құтылғысы келеді. Бала қиялындағы әсем, ғажап ертегінің кереметтілігі көзден де, көңілден де біржола жоғалады (өшеді).

Повестің соңында: “ – мен балық боламын, естіп тұрмысың, ата?

– мен балық болып жүзіп кетемін. Құлбек келгенде өзің айтарсың, мені балық болып жүзіп кетті дегейсің” (290б). Бала осылайша өзінің қиялында аңсаған “Ақ кемесіне” кетеді. Жанындағы жақындарынан бір жылы сөз ести алмай, пана болар қорған таба алмай “Бұғы анасы” сияқты біржолата аттанып кетеді.

Жазушының ұрпақ өмір жалғасы деген мәңгілік философиялық ой-дүние танымынан туған қарапайым аз ғана халық – нивхлер өмірінен алынған “Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет” повесіндегі мифтік сюжеттер өзінің көркемдік күш – қуатымен ерекшеленеді.

Повестің басталу кіріспесінен мәңгілік арпалысып жатқан құрлық пен судың бітпес көрінісін көреміз. Бүкіл дүниені топан су басқанда ешқандай тіршілік белгісі жоқ кезде тек қана Лувр үйректің төс қауырсынынан жердің пайда болуы туралы мифі әлемнің көптеген халықтарында кездеседі.

Повестегі Охот теңізі жағалауын мекендеген аңшы халық нивхлердің өмір сүру тіршілігі тікелей теңізбен байланыстырылған. Теңізден өз нәпақаларын тауып, айнала тіршілікпен алыс – беріс жасап, өмір кешіп жатқан нивхлердің өз мифтері, өз ертегілері бар. Міне жазушы осы халықтық, осы бір мифтік дүние танымынан керемет шығарма тудырады.

Повесте суреттелетін бала Кириск, әке Эмрайын, аға Мылгун және ақсақал Орган қарт. Бір қайықтың үстіндегі тағдырлас төртеу.

Бала Кириск 11-12 келген жасөспірім. Ата – баба салты бойынша ол инициациялық сынақтан өтуі тиіс. Яғни үлкендермен бірге аңға шығып, үлкендердің қатарына ену деген сөз. Нивхлердің салт – жоралғысы бойынша ертеңгі “Балық - әйел” бір рулы елдің қамқоршысы, асыраушысы болар деген сенім артқан жасөспірім – осы Кириск. Теңізге шығарып салу жоралғысы анасының қолында. Шығарып салу жоралғысы ежелгі мифтік таным бойынша былайша суреттеледі: “Баланы жолға тек шешесі шығарып салады. Бірақ ол теңіз сапары туралы ләм деп тіс жарған жоқ, қойнауға жетпей қоштасты. Баласына әдейі анықтап тұрып: ”Бара ғой орманға бар!” – деді теңіз жаққа көз алмай, орман жаққа қарап тұрып. “Байқа, шапқан бұталарың құрғақ болсын. Орманда адасып кетіп жүрме” (3. – 196б). Бұл анасының ежелгі салт бойынша баласының сапарын ешкімге білдіртпей құпия ұстау ишарасы. Нивхлердің танымы бойынша егер де “Кинр” деп аталатын жын – перілер адамның, әсіресе балалардың баратын жол сапарын біліп қойса, оған үлкен зұлымдық әрекет жасайды деген сенімдерінен туғандығын көрсетер шындығы. “Кинр” бұл жас балаларға түрлі ауру – сырқат әкелетін жағымсыз қаныпезер. Бұл қазақтар-

дың ежелгі наным – сеніміндегі албастыларға ұқсас келетін персонаж миф.

Алғашқы шығарып салу инициасынан Кириск аман – сау өтеді. Ол енді үлкендер ортасында. Нивхлер мінген қайықта әулиелі. Оны қарт Орган орманнан алып бәйтеректің өзегінен жасаған. Үш жыл құрғатып, қайық етіп енді міне теңізге аттанып барады.

Кирискінің үлкендер арасындағы екінші сынағын осы Орган қарт алады. Тарғыл төбет қойнаудан ұзап, ашық теңізге шыққанда бағыт – бағдарды қалай анықтау керектігін баладан сұрайды. Ал, енді сен маған мынаны айтшы: Тарғыл төбет қай жағымызда қалды? Тұтқиыл сауалдан Кириск ойланып қалды да, қолын созып:

- Ана жақта! – деді
- А мұның дұрыс! – деп құптады Орган
- Дұрыс – ақ делік. Ал, бірақ, айнала су, көз

тоқтатар

дәнеңе жоқ, сонда мұның бәрін сен қайдан білесің? – деп қоймады Орган.

- Айтшы қане?

- Е, менің тағыда көзім бар емес пе, - деп Кириск сасар емес.

- Ол қандай көз тағы да?

- Қандайын білмеймін. Әйтеуір ішімде сияқты, көрмей – ақ көретін сияқты ...

Біраздан соң шал Кирискні тағыда сынаққа алды. Ақыры баланың теңіздің төрт бұрышын тани білетін қабілетіне көзі жетіп, көңілі толды”. (3-30б.)

Бұл жан – жағының бәрі су, төбеңде тек көк аспан екенін біле тұрып, бағдар жасауы үлкен сынақтың бірі еді. Бұл сынақтан да Кириск мүдірмей өтті.

Повестегі негізгі баяндалар нивхлердің мифі – “Балық әйел” туралы. Оны жазушы Орган қарттың ойымен береді.

... Ерте – ерте ертеде, Тарғыл төбет тауының жанында ағайынды үш адам өмір сүріпті. Үлкені қатыгез, ылдым – жылдым екен, бұғы – адамның қызына үйленіпті де, бұғы табынының қожасы болып, тундра жаққа көшіп кете барыпты. Кенжесі із кескіш, сұрмерген екен, орман адамының қызына үйленіп, аңшылықты кәсіп етіп, тайғаға ол да кетеді. Ал, ортаншысы жолы ауыр, туасы ақсақ, кембағыл екен, ерте тұрып, кеш жатса да бүйірі томпаймас, бұғының соңынан жүре алмайды, орманнан аң да аулай алмайды. Ешкім оған қызын да бермейді, ағасы мен інісі оны тастап, өз жөндерімен кетті. Көкше теңіз жағасында ақсақ шіркін жападан – жалғыз қалып, балық аулап күн көреді....

Бір күні ақсақ байғұс қайықтың үстінде теңізге қармақ қоя беріпті....

Қараса – о ғажап ! Балық бейнесіндегі әйел әлгі ! Суды сабалап, қармақты үзіп кетпекші болып, жанталасады.... Ақсақ балықшы Балық әйелді судан шығарып, көтеріп ала бергенде, әйел шіркін оны мойнынан құшақтай береді де, екеуі қайықтың ішін-

де ұмар – жұмар құлай кетеді. Ақсақ байғұс мұндай ағыл – тегіл бақыттан есі шыға жаздайды.... әлгі Балық әйел қайықтан секіріп түсіп, тереңге жүзіп кете барады.

Теңіз жағасында жападан – жалғыз қалған ақсақ балықшының басынан осындай ахуал өтеді. Сөйтіп жүргенде қыс көшіп, іле – шала көктем де өте шығып, жаз келгенде, кенет теңіздегі қайраннан баланың жылаған дауысы естілгендей болады. Ия, бір нәресте ішегі үзіле үздіксіз жылағандай көрінеді.... ”Кім менің әкем? Әкем қайда – менің ? –деп айқайлап жылай береді ... Міне, қызық – тамаша ! Балықшы ұлын алып үйіне қайтады. Бала тез ер жетіп, теңіз кезе бастайды. Жау жүрек шымыр, ақжолтай аңшы болып өседі... Орман адамдары оны қатты құрметтеп, бір қызын ұзатады. Одан бала – шаға туып-өніп, Балық - әйелдің тұқымынан тараған әулеті көбейе береді (1-308б).

Повестегі баяндалар, теңіздегі тағдырлас төртеу осы Балық - әйел тұқымынан өрбігендер.

Іштеріндегі ең үлкені өмірден мол тәжірибе жинақтаған – Орган қарт . Қайықтағы аңшылар үлкен қиын, қатерлі жағдайға тап болады. Бала Кирискінің өмірін сақтап қалу үшін алдымен Орган қарт Балық - әйелге аттанады. Автор повесте оны психологиялық, моралдық тұрғыдан шегіне жеткізе баяндап береді. Орган қарттың шешімі оқырманға ешқандай да күдік туғызбайды. Одан кейінгі суреттелетін Мылгун мен Эмрайынның шешімі де повесте нақты детальдармен шебер суреттеледі.

Повест соңында төртеуден жалғыз бала Кириск аман қалып Тарғыл төбет жағалауына жетеді

Ш.Айтматовтың бұл екі повесінің астарында халықтық мифологияның терең символикалық мәні жан – жақты таратыла ашылып, көркем сөздің күдіретімен жеткізіледі. “Ақ кеме” повесіндегі “Бұғы ана” мен “Теңіз жағалай жүгірген Тарғыл төбет” повесіндегі “Балық әйел” мифтері өмір беруші, ұрпақ жалғастырушы Ұлы қамқоршы Ана бейнесінде суреттелген. Жазушы осы мифтерге барынша көркемдік қуат дарытып, шығарманың композициялық бітімін шираға түскен. Екі повестегі суреттелетін негізгі кейіпкерлер қарапайым еңбек адамдары.

Осы қарапайым жандардың ауыр еңбектерін, олардың келешек ұрпақ үшін жанталасқан күресін философиялық аспекті аясында бейнелейді. Адамзаттың Айтматовы атанған қаламгердің халықтық мифологияны орайын тауып пайдаланған шығармалары бұл екі повеспен шектеліп қалмайды. Жазушының әр бір шығармасында халық ауыз әдебиеті үлгілерінің небір жауқар асылдарын табуға болады.

Әдебиеттер:

1. Ш.Айтматов “Ақ кеме” Повестер. – Алматы: Атамұра, 2005-368-бет.
2. Қ.Серікбол “Арғықазақ мифологиясы”. Үшінші кітап, Алматы: Дайк – Пресс; 2004-481-бет.

Рецензент: д.филол.н., профессор Б. Ыбрайым